

Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық жағынан күрделі объектілерге жатқызу ережесін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 тамыздағы N 918 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 23 қазандағы N 1656 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 24 маусымдағы № 479 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.06.2015 № 479 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қала құрылысын жоспарлаған, жер учаскелерін бөлген, құрылысты жобалаған және салған кезде су қорғау және табиғат қорғау тәртібін сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 10 шілдедегі және "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық жағынан күрделі объектілерге жатқызу ережесі бекітілсін.

2. "Қаржыландыру көздеріне қарамастан құрылысқа арналған жобалау алдындағы (техника-экономикалық негіздемелер) және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамаға сараптама жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік инвестициялар есебінен салынып жатқан жобаларды бекіту ережесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 тамыздағы N 918 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., N 27, 304-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қаржыландыру көздеріне қарамастан құрылысқа арналған жобалау алдындағы (техника-экономикалық негіздемелер), жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамаға сараптама жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік инвестициялар есебінен салынып жатқан жобаларды бекіту ережесі осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2009 жылғы 23 қазандағы
N 1656 қаулысымен
бекітілген

Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық жағынан күрделі объектілерге жатқызу ережесі

1. Осы Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық жағынан күрделі объектілерге жатқызу ережесі (бұдан әрі - Ереже) ғимараттар мен құрылыстарды техникалық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін белгілейді және жобалау алдындағы рәсімдерді жүргізген, жобалаған, жобаларға сараптама жүргізген және оларды бекіткен, сондай-ақ оларды іске асырған (салған) кезде басшылыққа алынады.

2. Ереже "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңына, сондай-ақ сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерге сәйкес әзірленді.

3. Құрылыс объектісінің техникалық күрделілігі негіздер мен құрылыс құрастырмаларының сенімділігі мен беріктігіне қойылатын техникалық талаптардың дәрежесі бойынша оның жауапкершілік деңгейіне байланысты анықталады, бұлар есептер, жүктемелер және әсерлер бойынша негізгі ережелерді айқындайтын мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтермен белгіленеді.

4. Салынуы белгіленген объектінің жауапкершілік деңгейін (бірінші - күшейтілген, екінші - қалыпты немесе үшінші - төмендетілген) жобаны әзірлеуші (бас жобалаушы) жобалау үдерісінде берілген:

- 1) объектінің функционалдық қызметіне;
- 2) оның тіреу және қоршау құрастырмаларының ерекшеліктеріне;
- 3) қабаттар (конструкциялық қатарлар) санына;
- 4) сейсмикалық қауіптілігіне немесе салынатын жерінің өзге де айрықша жағдайларына;

5) өзге де сыртқы әсерлерге (жел немесе қар жүктемесі және сол сияқтылар) байланысты белгілейді.

Жауапкершіліктің белгіленген деңгейі ғимараттың немесе құрылыстың техникалық сипаттамасы ретінде жобаның материалдарында тіркеледі.

5. Техникалық жағынан күрделі объектілерге (кешендерге) өндірістік-шаруашылық құрылыстарды, оның ішінде тауарларды немесе

материалдарды сақтау үшін айрықша жағдайларды, сондай-ақ құрылыс және пайдалану кезіндегі өрт-жарылыс қауіпсіздігін, аэрацияны, ылғалдылықты, температуралық режимді белгілі бір деңгейде ұстаудың айрықша жағдайларын қамтамасыз етуге, дірілді және өзге де арнайы талаптарды шектеуге бағытталған басқа да арнайы жобалық шешімдер мен іс-шараларды талап ететін жеке тұрған қоймалар мен сақтау орындарын қоса алғанда, жауапкершілігі бірінші (күшейтілген) және екінші (қалыпты) деңгейге жататын өндірістік мақсаттағы барлық ғимараттар мен құрылыстар жатады.

Өндірістік мақсаттағы техникалық жағынан күрделі объектілерге (өндірістік-шаруашылық құрылыстарды қоса алғанда) жауапкершілігі үшінші (төмендетілген) деңгейдегі барлық құрылыстар, оның ішінде контейнерді және блоктарды пайдаланып жасалатын ұтқыр кешендер жатпайды.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.05.2013 № 490 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы техникалық жағынан күрделі объектілерге (кешендерге) жауапкершілігі бірінші (күшейтілген) деңгейдегі барлық ғимараттар мен құрылыстар, сондай-ақ осы Ереженің 7-тармағында көзделген объектілерді қоспағанда, жауапкершілігі екінші (қалыпты) деңгейдегі барлық ғимараттар мен құрылыстар жатады.

7. Тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы техникалық жағынан күрделі объектілерге (кешендерге) жауапкершілігі екінші (қалыпты) деңгейдегі мынадай ғимараттар мен құрылыстар жатпайды:

1) сейсмикалық қауіптілігі жоғары немесе арнайы жобалау шешімдері мен іс-шараларды талап ететін өзге де айрықша геологиялық (гидрогеологиялық) және геотехникалық жағдайдағы аудандарда (аймақтарда) салынып жатқандарды қоспағанда, жер үстіндегі биіктігі 3 қабаттан аспайтын тұрғын үйлер;

2) келушілерді (көрермендер, клиенттер, науқастар, жолаушылар, сатып алушылар, қонақүйде және тағы сол сияқты тұратындар), сондай-ақ оларға қызмет көрсетуші қызметкерлер мен персоналды қоса алғанда, ішкі үй-жайларында бір мезгілде 50-ден аспайтын адам болатын, жер үстіндегі биіктігі 2 қабаттан аспайтын қоғамдық ғимараттар мен құрылыстар;

3) бір мезгілде саны 10 бірліктен аспайтын көлік құралына қызмет көрсететін жеке тұрған бір қабатты автосервис пункттері, сондай-ақ сыйымдылығы 15 автомобильден аспайтын жер үсті немесе жер асты гараж-тұрақтар.

Техникалық жағынан күрделі объектілерге жауапкершілігі үшінші (төмендетілген) деңгейдегі барлық құрылыстар, оның ішінде контейнерді және блоктарды пайдаланып жасалатын ұтқыр кешендер, сондай-ақ құрастырмалы-бұзылмалы конструкциялардан тұрғызылған құрылыстар

жобалау-сметалық құжаттаманы) және жұмыс істеп тұрғандарың өзгертуге (қайта жаңартуға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға, күрделі жөндеуге), сондай-ақ аумақты инженерлік дайындауға, абаттандыруға және көгалдандыруға арналған жобалардың сараптамасын ұйымдастыру мен жүзеге асыру тәртібін белгілейді.

Құрылыс жобаларына мемлекетаралық сараптама жүргізу тәртібі халықаралық шартқа сәйкес белгіленеді.

2. Ереже Қазақстан Республикасының аумағындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің барлық субъектілері үшін міндетті болып табылады.

Ереже мемлекеттік кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу тәртібіне қ о л д а н ы л м а й д ы .

3. Бөлімде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) конкурстық (тендерлік) құжаттама - тапсырысшының тапсырмасына сәйкес жасалған және мердігерлік жұмыстарға конкурс (тендер) өткізудің тәртібі мен шарттарын (шектеулерін), сондай-ақ құрылыс объектілерінің негізгі техника-экономикалық көрсеткіштерін қамтитын құжаттама;

2) құрылыстың ықтимал қауіпті объектілері - функционалдық мақсаты, технологиялық өндірістік үдерістері, пайдалану сипаттамалары бойынша адамның денсаулығы мен өміріне зиян, орны толмас залал келтіретін, техногендік және (немесе) экологиялық апаттар (авариялар), басқа объектілердің тұрақты жұмыс істеуінің бұзылу қаупін туғызатын объектілер;

3) техникалық жағынан күрделі объектілердің құрылыс жобалары - мақсаты мен жауапкершілік деңгейіне байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен техникалық жағынан күрделілер қатарына жатқызылған ғимараттар мен құрылыстарды салуға жобалау алдындағы немесе жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы.

4. Жобалардың сараптамасын тиісті лицензиясы бар жеке және (немесе) заңды тұлғалар жүзеге асырады.

Бұл ретте жобаларды мемлекеттік сараптауды Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген заңды тұлға жүзеге асырады. Мемлекеттік сараптаманың ерекше құзыретіне жатпайтын жобалардың сараптамасын сараптамалық жұмыстар нарығының субъектілері жүзеге асырады.

5. Жобалардың мемлекеттік сараптамасын жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген заңды тұлға (бұдан әрі - Мемсараптама) белгіленген тәртіппен сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның ведомстволық бағынысты ұйымдарының тізбесіне қосылады.

2. Сараптама жүргізу тәртібі

6. Жобалардың сараптамасы олар бекітілгенге дейін жүргізіледі. Міндетті сараптамаға жататын, бірақ белгіленген тәртіппен одан өтпеген құрылысқа арналған жобалау алдындағы немесе жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы аяқталмаған болып саналады және одан әрі іске асыруға жатпайды.

7. Жобалардың жеке және заңды тұлғалар орындайтын сараптамасы шығындарды қаралатын жобаның құнына жатқыза отырып, шарттардың негізінде жүзеге асырылады.

Құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік сараптама жұмыстарына арналған бағалар мен тарифтерді сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның және бәсекелестікті қорғау жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша Мемсараптама белгілейді.

8. Жобалардың сараптамасы объектілерді пайдалануға енгізгеннен кейін олардың тұрақты жұмыс істеуін жобалық шешімдермен қамтамасыз етуге бағытталған және мыналарға:

1) жобаның жобалауға арналған тапсырмаға, өзге де бастапқы материалдарға (деректерге), техникалық шарттар мен талаптарға, сондай-ақ бекітілген қала құрылысы (жоспарлау) шешімдеріне және осы құрылыс учаскесінің (аландардың, трассалардың) функционалдық мақсаттарға сәйкестігіне;

2) мемлекеттік және мемлекетаралық нормативтерде белгіленген жарылыс және өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасы жөніндегі міндетті талаптарды, инженерлік, энергия және ресурс үнемдеуші, экологиялық және санитарлық талаптарды сақтауға;

3) қабылданған көлемдік-жоспарлық және сындарлы шешімдердің, қолданылатын материалдар мен инженерлік жабдықтың негізділігіне, құрылыс құрастырмаларының сенімділігі мен төзімділігіне;

4) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында көзделген құрылыс көлемдерінің негізділігіне және орындылығына;

5) көрсеткіштердің, оның ішінде құрылыстың есептік немесе сметалық құнының негізділігі мен дұрыстығына арналған сараптамалық бағалауды қамтиды.

9. Сараптама жүргізген кезде жобаны әзірлеушіде жобалау (жобалау-іздістіру) жұмыстарының тиісті түрлеріне лицензиясының болуы немесе болмауы да белгіленеді.

10. Жобаны сараптамаға тапсырысшы (инвестор) не оның тапсырмасы бойынша бас жобалаушы мемлекеттік нормативтерде көзделген көлемде ұсынады.

11. Ұсынылған жоба материалдарының жинақтылығы, олардың құрамының

мемлекеттік нормативтерде белгіленген талаптарға сәйкестігі олар сараптама түскен күнінен бастан бес күнтізбелік күн ішінде тексеріледі.

Жобаның толық жинақталмағаны не оның құрамы бойынша талаптарға сәйкес еместігі белгіленген жағдайда тапсырысшы (инвестор) не ол уәкілеттік берген бас жобалаушы жетіспейтін материалдарды ұсыну қажеттігі не жоба толық жинақталмағандықтан оны қайтару туралы хабардар етіледі.

12. Мемлекеттік сараптаманың құзыретіне жатпайтын және сараптамалық жұмыстар нарығының субъектілері жүзеге асыратын жобаларға сараптама жүргізудің мерзімдері мен ұзақтығы олардың тапсырысшымен жасасқан ш а р т т а р ы н д а б е л г і л е н е д і .

Жобаларға мемлекеттік сараптама жүргізудің мерзімдері мен ұзақтығы шартта белгіленеді, бірақ 45 күнтізбелік күннен аспауға тиіс.

Техникалық жағынан аса күрделі объектілерді (кешендерді) салуға арналған жобаларға не Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін кешенді қала құрылысы құжаттамасына мемлекеттік сараптама жүргізген кезде оның ұзақтығы 60 күнтізбелік күнге дейін ұзартылуы мүмкін.

Техникалық жағынан күрделі емес объектілерді салуға арналған жобаларға мемлекеттік сараптама жүргізудің ұзақтығы 15 күнтізбелік күннен аспауға тиіс.

Мемлекеттік сараптама жүргізу ұзақтығының көрсетілген шектеулері жобалау-сметалық құжаттаманы кезең-кезеңімен әзірлеу және осы Ереженің 21-тармағында көзделген құрылысты кезең-кезеңімен жүргізу барысындағы сараптамалық сүйемелдеу режимінде оны жүзеге асыруға қолданылмайды.

13. Бекітілген жобалық шешімдерге және негізгі техника-экономикалық көрсеткіштерге әсер ететін өзгерістер (толықтырулар) енгізілетін жобалар жаңадан әзірленетін жобалар үшін белгіленген тәртіппен қайта сараптауға ж а т а д ы .

14. Әзірленген және сараптама жүргізілгеннен кейін үш және одан да көп жыл ішінде құрылысы басталмаған жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы ескірген болып саналады әрі заңнама белгіленген тәртіппен жаңадан сараптама жүргізілгеннен және қайта бекітілгеннен кейін ғана іске асыру үшін п а й д а л а н ы л у ы м ү м к і н .

15. Осы бөлімге сәйкес жүргізілген сараптаманың оң қорытындысынсыз жобаларды бекітуге және оларды іске асыруды бастауға (құрылыс-монтаж жұмыстарының өндірісіне және құрылыс жүргізуге рұқсаттар беруге) жол б е р і л м е й д і .

16. Жобалардың сараптамасын жүргізетін (мемлекеттік сараптаманы қоса алғанда) жеке және заңды тұлғалар инвестициялардың тиімділігін талдау, бағалау және жобалардың сапасы бойынша өз қызметтерінде сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі субъектілеріне тәуелді емес. Өкілді, атқарушы

органдар мен сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның сараптаманың кәсіптік қызметіне араласуға құқығы жоқ.

17. Жобалардың сараптамасын жүргізетін (мемлекеттік сараптаманы қоса алғанда) жеке және заңды тұлғаларға мынадай құқықтар беріледі:

1) жүргізілген сараптама нәтижелері бойынша жобаларды бекітуге ұсыну, қабылдамай тастау немесе пысықтауға жіберу;

2) тапсырысшы қорытындыларда келісілген шарттарды (талаптарды) орындамаған жағдайда бұрын берілген оң қорытындыны кері қайтарып алу;

3) қаралып отырған жобаның мемлекеттік органдар мен заңды тұлғалар, сондай-ақ жобаны әзірлеуші жекелеген мамандар тұлғасындағы тапсырысшыларынан сараптаманы сапалы жүргізу үшін қажетті материалдар мен ақпаратты заңнамада белгіленген тәртіппен сұрату және алу;

4) белгіленген тәртіппен сараптама комиссияларын құру не сараптамаға қатысу үшін мамандарды тарту.

18. Сараптамаға жататын, бірақ мемлекеттік сараптаманың ерекше құзыретіне жатпайтын құрылыс жобаларының тапсырысшысы (инвесторы) өз қалауы бойынша сараптамалық жұмыстар нарығы субъектісінің лицензиясы бар кез келген жеке немесе заңды тұлғаны сарапшы ретінде таңдауға не жобалардың мемлекеттік сараптамасын жүзеге асыратын заңды тұлғаға жүгінуге құқылы.

3. Жобалардың мемлекеттік сараптамасы

19. Мемлекеттік сараптаманың ерекше құзыретіне:

1) мемлекеттік инвестициялар есебінен немесе олардың қатысуымен тұрғызылатын, сондай-ақ мемлекеттік инвестициялардың қатысуынсыз тұрғызылатын, бірақ заңнамада белгіленген тәртіппен шығарылатын өнім немесе көрсетілетін қызметтер көлемінде мемлекеттік меншік үлесі көзделетін;

2) құрылысты қаржыландыру көздеріне қарамастан, санитарлық, экологиялық, өрт пен жарылыс қауіпсіздігі, еңбекті қорғау, құрастырмалардың сенімділігі, ықтимал қауіпті және техникалық жағынан күрделі объектілердің жұмыс істеуінің тұрақтылығы жөніндегі, әлеуметтік, көліктік және рекреациялық инфрақұрылым объектілеріне мүгедектер мен халықтың қауқары аз топтарының қол жеткізуін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік нормативтік талаптарға сәйкестігі бөлігінде, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды, бірегей және сирек ландшафттарды, тарихи-мәдени мұра объектілерін белгіленіп отырған пайдалану бөлігінде объектілердің (кешендердің) құрылысына арналған инвестициялар негіздемелерінің, техника-экономикалық негіздемелер мен есеп айырысулардың, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының сараптамасы ж а т а д ы .

20. Мемлекеттік сараптамаға, сондай-ақ межелі немесе берілген параметрлерін, көрсеткіштері мен сипаттамаларын (техникалық ерекшеліктерін) қамтитын бөлігінде құрылыстың ірі және күрделі объектілері немесе салыну ұзақтығы алты айдан асатын объектілер бойынша мердігерлік жұмыстарға (қызметтерге) мемлекеттік сатып алу жүргізуге арналған конкурстық (тендерлік) қ ұ ж а т т а м а л а р ж а т а д ы .

21. Кезең-кезеңімен жобалау және салу көзделген объектілер мен кешендер бойынша жобалардың мемлекеттік сараптамасы (сараптамалық сүйемелдеу) тиісті кезеңдер бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Сараптамалық сүйемелдеуді жүзеге асыру тәртібі сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган бекітетін мемлекеттік нормативтерде белгіленеді.

22. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың басшылары өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жобалардың кешенді мемлекеттік сараптамасын жүргізуге тартылған сарапшылар ретінде өз мамандарының қатысуын қ а м т а м а с ы з е т е д і .

23. Жобаны қарау нәтижелері бойынша және жобаның бөлімдері қорытындыларының тартылған сарапшылар дайындаған тұжырымдарын ескере отырып, мемлекеттік сараптама:

1) жобаны және оның негізгі техника-экономикалық көрсеткіштерін бекітуге ұ с ы н у м е н ;

2) жобаны пысықтауға қайтару туралы;

3) мемлекеттік сараптаманың осындай қорытындысының себептерін көрсете отырып, жобаны қабылдамау туралы тұжырымдарды қамтитын жиынтық сараптамалық қорытынды жасайды.

24. Бюджеттік инвестициялық жобаларды қоспағанда, жобалау алдындағы құжаттама бойынша оң қорытынды оны белгіленген тәртіппен бекіту және инвестордың құрылыс объектісін инвестициялау жөнінде шешім қабылдауы, сондай-ақ жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеу үшін негіз болады.

25. Жобалау (жобалау-сметалық) құжаттама бойынша оң қорытынды оны белгіленген тәртіппен бекіту және жобаны іске асыру жөніндегі құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге (құрылысты бастауға) рұқсат беру үшін негіз болады.

26. Мердігерлік жұмыстарды (қызметтерді) мемлекеттік сатып алуды жүргізуге арналған конкурстық (тендерлік) құжаттама құрамындағы техникалық ерекшелік бойынша оң қорытынды конкурстық (тендерлік) құжаттаманы бекіту, сондай-ақ мердігерлік қызметтерді жеткізушілердің конкурстық өтінімдерін бағалау үшін негіз болады.

2-бөлім. Мемлекеттік инвестициялар есебінен салынып жатқан жобаларды бекіту

1. Жалпы ережелер

27. Осы бөлім объектілер мен олардың кешендерін салуға (қайта жаңартуға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға, күрделі жөндеуге), инженерлік және көліктік коммуникациялар төсеуге, аумақты инженерлік дайындауға, абаттандыруға және көгалдандыруға арналған жобалау алдындағы (техника-экономикалық негіздемелер) және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын бекіту (қайта бекіту) тәртібін белгілейді.

Мемлекеттік инвестициялардың қатысуынсыз салынып жатқан объектілер бойынша жобаларды бекіту тәртібі сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган бекітетін мемлекеттік нормативтерге сәйкес жүзеге асырады.

28. Осы бөлімде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі - бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауға, негіздеуге, іске асыруға және оның нәтижелеріне кол жеткізуге жауапты мемлекеттік орган;

2) бюджеттік инвестициялар - бюджеттен қоса қаржыландыру шартымен бюджеттік инвестициялық жобаларды, концессиялық жобаларды іске асыру арқылы заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыру және ұлғайту, мемлекеттің активтерін құру есебінен мемлекет активтерінің құнын ұлғайтуға бағытталған республикалық немесе жергілікті бюджеттен қаржыландыру;

3) бюджеттік инвестициялық жоба - белгілі бір уақыт кезеңі ішінде бюджет қаражаты есебінен іске асырылатын және аяқталған сипаттағы жаңа объектілерді тұрғызуға (салуға) не қолда барларын қайта жаңартуға бағытталған іс-шаралар жиынтығы;

4) құрылысқа мемлекеттік инвестициялар - бюджеттік инвестициялар есебінен, сондай-ақ мемлекеттік кепілдікпен не мемлекет кепілгерлігімен берілетін мемлекеттік емес қарыз қаражаты есебінен қаржыландыру;

5) қайта есептеудің жоспарлы коэффициенті - 2001 жылдың айлық есептік көрсеткішіне қатысты сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген тиісті жылдың айлық есептік көрсеткішінің өзгеру индексі;

6) құрылыстың есеп айырысу құны - құрылыс объектісінің (кешенінің) құрылысқа арналған жобалау алдындағы құжаттаманы әзірлеген кезде

мемлекеттік нормативтер бойынша айқындалатын құны;

7) құрылыстың сметалық құны - құрылыс объектісінің (кешенінің) құрылысқа арналған жобалау құжаттамасын әзірлеген кезде сметалық нормативтерге сәйкес айқындалатын құны.

29. Құрылысқа арналған жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алғаннан кейін үш айдан кешіктірмей бекітуге ұсынылуға тиіс.

Жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы оны іске асыратын жылға дейін бекітілуге тиіс.

30. Мемлекеттік инвестициялар есебінен салынатын объектілер бойынша жобалау алдындағы (техника-экономикалық негіздеме) және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы олар бекітілгеннен кейін іске асырылуға тиіс.

31. Әзірлеу аяқталғаннан кейін ол бойынша үш және одан да көп жыл ішінде құрылыс басталмаған жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы ескірген болып саналады әрі заңнама белгіленген тәртіппен жаңадан сараптама жүргізілгеннен және қайта бекітілгеннен кейін ғана іске асыру үшін пайдаланылуы мүмкін.

2. Бекіту тәртібі

32. Мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алғаннан кейін мемлекеттік инвестициялар есебінен қаржыландырылатын объектілер мен кешендерді салуға арналған жобалау алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының сметалық құны:

1) ағымдағы бағамен 750000 (жеті жүз елу мың) айлық есептік көрсеткішке дейін болса - мемлекеттік органдар - бағдарламалар әкімшілері бекітуге тиіс;

2) ағымдағы бағамен 750000 (жеті жүз елу мың) айлық есептік көрсеткіштен бастап және одан жоғары болса - сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекітуге тиіс.

33. Құрылысын қаржыландыру мемлекеттік кепілдікпен не мемлекет кепілгерлігімен берілетін мемлекеттік емес қарыз қаражаты есебінен жүзеге асырылатын объектілер бойынша жобалау алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын қарыз алушының ұсынуы бойынша осы бөлімде белгіленген тәртіппен сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган бекітеді және қайта бекітеді.

34. Жобалау алдындағы немесе жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын бекіту (қайта бекіту) Ереженің 32-тармағының 1) және 2) тармақшаларында айқындалған тәртіппен негізгі техника-экономикалық көрсеткіштерді, оның ішінде құрылыстың есеп айырысу немесе сметалық құнын көрсете отырып

35. Салу ұзақтығы бір жылдан жоғары объектілер бойынша жұмыстардың құны тиісті жылдың айлық есептік көрсеткішінің негізінде айқындалатын қайта есептеудің жоспарлы коэффициентін қолдана отырып, көлемді жылдар бойынша бөліп, құрылыстың нормативтік мерзімін ескере отырып айқындалады.

36. Ереженің 32-тармағының 2) тармақшасына сәйкес жобалау алдындағы құжаттаманы бекіту үшін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органға:

- 1) қағаз және электронды жеткізгіштегі жобалау алдындағы құжаттаманы;
- 2) мемлекеттік сараптама қорытындысын ұсынады.

37. Ереженің 32-тармағының 2) тармақшасына сәйкес жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын бекіту үшін бюджеттік бағдарламалар әкімшілері сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті о р г а н ғ а :

- 1) жобаға түсіндірме жазбаны;
- 2) қағаз және электронды жеткізгіштегі жобалау-сметалық құжаттаманы;
- 3) мемлекеттік сараптама қорытындысын ұсынады.

38. Жобалау алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы бекітілген сәттен бастап оларды әзірлеу аяқталды деп саналады.

39. Бюджеттік инвестициялық жобалар бекіту туралы бұйрықта көрсетілген құрылыстың нормативтік ұзақтығына сәйкес қаржыландырылады.

40. Бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде көзделетін шет мемлекеттердің аумағындағы құрылыс қызметі аумағында аталған жоба іске асырылатын мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Жобалау алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын түзетудің және оларды қайтадан бекітудің (қайта бекітудің) ерекшеліктері

41. Егер жобаны іске асыру басталғанға дейін немесе белгіленген объектіні салу барысында оған объектінің конструктивті схемасына, оның көлем-жоспарлық, инженерлік-техникалық немесе технологиялық шешімдерге әсер ететін қағидаттық сипаттағы өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізудің негізделген қажеттілігі, сондай-ақ құндық және басқа да бекітілген техника-экономикалық көрсеткіштерді қозғайтын өзге де объективті факторлар туындаса, бұрын бекітілген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы қайта өңделуі мүмкін.

42. Бюджеттік инвестициялық жобалар олардың белгіленген тәртіппен

бекітілген техника-экономикалық негіздемелеріне сәйкес іске асырылады.

43. Бюджеттік инвестициялық жобалардың құнын бюджет комиссиясының қарауынсыз және оның ұсынысынсыз ұлғайтуға жол берілмейді.

44. Бюджеттік инвестициялық жобаның жобалау-сметалық құжаттамасын бюджет комиссиясының ұсыныстарын ескермей, техникалық шешімдердің өзгеруіне байланысты бюджеттің қосымша шығыстарына әкеп соғатын түзетуге ж о л б е р і л м е й д і .

Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен қаржыландырылатын бюджеттік инвестициялық жобаның жобалау-сметалық құжаттамасын техникалық шешімдердің өзгеруіне байланысты және бюджеттің қосымша шығыстарына әкеп соғатын түзету енгізу Республикалық бюджет комиссиясының ұсынысы ескеріле отырып жүзеге асырылады.

45. Бюджеттік инвестициялық жобаның жобалау-сметалық құжаттамасына бекітілген техника-экономикалық негіздемеде көзделмеген және бюджеттің қосымша шығыстарына әкеп соғатын қосымша құрамдауыштарды бюджет, комиссиясының ұсынысын ескермей қосуға жол берілмейді.

Егер бюджеттік инвестициялық жоба республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен қаржыландырылатын жағдайда, бюджеттік инвестициялық жобаның жобалау-сметалық құжаттамасына бекітілген техника-экономикалық негіздемеде көзделмеген және бюджеттің қосымша шығыстарға әкеп соғатын қосымша құрамдауыштар Республикалық бюджет комиссиясының ұсынысы ескеріле отырып қосылады.

46. Жобалау-сметалық құжаттаманы түзету (қайта бекіту) қажеттілігі құрылыс үдерісінде туындаған жағдайда, онда құрылыстың жай-күйі туралы мәліметтер мен орындалған жұмыстар актілерінің көшірмелері Ереженің 32-тармағына сәйкес бекіту үшін ұсынылатын құжаттаманың құрамына енгізіледі.

Бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша Республикалық бюджет комиссиясының шешімі қосымша ұсынылады.